

**"Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 19/15 және Қарағанды қалалық мәслихатының 2017 жылғы 10 мамырдағы № 149 бірлескен қаулысы және шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 29 маусымдағы № 31/02 бірлескен қаулысы және Қарағанды қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 маусымдағы № 173 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 шілдеде № 28743 болып тіркелді

Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы №19/15 және Қарағанды қалалық мәслихатының 2017 жылғы 10 мамырдағы №149 бірлескен қаулысы және шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4262 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1–тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1) жәрдемақы мен зейнетақыларының мөлшері жиырма екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын зейнетақы алушыларға, жерасты және ашық кен жұмыстарында , еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдар (1 және 2 тізім бойынша) ретінде мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушыларға – тегін жолақы;"

1–тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге – тегін жолақы;"

1–тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектерге – тегін жолақы;"

1–тармақ келесі мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) тармақшаларымен толықтырылсын:

"3-1) бірінші, екінші, үшінші топтағы он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата - анасының біреуіне – тегін жолақы;

3-2) бірінші, екінші топтағы мүгедектердің қорғаншыларына – тегін жолақы;

3-3) асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға – тегін жолақы;"

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды қаласының әкімі*

*Мәслихатының хатшысы*

*Е. Булекпаев*

*К. Бексултанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК